

А.И. Бирманова*

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: birmanova81@mail.ru, ORCID ID: orcid.org/0000-0001-9903-7521,
Scopus autor ID: 57202834372, Researcher ID: AAL-3116-2021)*

Адамның және азаматтың мәдени құқықтарын қамтамасыз ететін халықаралық-құқықтық стандарттар

Мақалада адамның және азаматтың мәдени құқықтарын қамтамасыз ету мен қорғау жөніндегі халықаралық-құқықтық стандарттар, оларды жүзеге асыруға мемлекеттердің қызметі бағытталуы керектігі зерттелген. Адамның мәдени құқықтарын қоғамның ең жоғары құндылығы ретінде жариялайтын және құбылыстың нормативтік негізін құрайтын халықаралық құқықтық дереккөздер тобы талданған. Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы халықаралық құқық нормаларын тиімді мемлекетшілік іске асырудың маңыздылығы атап өтілген. Сондай-ақ, мақалада адам мен азаматтың мәдени құқықтарын қорғаудың халықаралық стандарттарының сәйкестігі мәселелеріне назар аударылды. Жалпыға бірдей танылған құқық қорғау стандарттарын мемлекетшілік имплементациялаудың тиімділігін арттыру жолдары да белгіленеді. Мәдени құқықтарды әртүрлі халықаралық-құқықтық актілерде және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитет қабылдаған жалпыға ортақ түсініктемесінде түсіндіру қарастырылды. Негізгі халықаралық-құқықтық акт — «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық Пактіні» зерделеуге ерекше назар аударылған. Зерттеуде қазіргі кезеңде адамның мәдени құқықтарын қорғауда айтарлықтай халықаралық тәжірибе жинақталғаны анықталды. Автор мәдени құқықтар мен бостандықтарды ұлттық және халықаралық реттеу саласындағы кейбір өзекті мәселелерді егжей-тегжейлі қарастырылған, оларды жою мүмкіндіктерін талдап, құқықтық жетілдіруге тиісті ұсыныстар берді.

Кілт сөздер: халықаралық-құқықтық стандарттар, адам құқықтары, адамның мәдени құқықтары, декларация, конвенция, нормалар-қағидааттар, мемлекет, имплементация.

Kipicne

Зерттеудің негізгі пәні халықаралық-құқықтық стандарттар өлшемінде адамның мәдени құқықтарын қорғау мен қамтамасыз ету мәселелері болып табылады. Мәдени құқықтарды әлеуметтік саладағы ерекше санат ретінде түсіну ХХ ғасырдың соңына қарай әлемдік тәжірибеде қалыптасты. Қазіргі заманауи әлемде мәдени құқықтардың маңыздылығы жыл сайын артып келеді. Сол себепті, халықаралық аренада мәдени құқықтың рөлі жоғарылап, мәдени әрекеттестік дипломатиялық қатынас жолымен жанданып, мәдени құқықтар жеке құқық санатына айналууда.

Қазіргі таңда мәдени құқықтар «мәдениет және оның өнімдері» ұғымымен танылып, құқықтық реттеудің аспектілері тұрғысынан қызығушылық объектісіне айналып, әлеуметтік бағдарламаларда орталық тақырып болып отыр. Мәдениет экономикалық өнімділік және әлеуметтік тұрақтылық сияқты неғұрлым стратегиялық басымдыққа ие бағыттарда көрініс табуда. Адам құқықтары саласындағы әмбебап құралдардың негізі адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарын құқықтық деңгейде реттеу болып табылады.

Мәдениет саласындағы халықаралық ұйымдарға: БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы, Бүкіләлемдік туристік ұйым, Еуропа кеңесі, Еуропалық қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, ТМД, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және т.б. жатады. Олардың құқықтық актілері мен құжаттары мыналарды тұжырымдайды: 1) адамның мәдени құқықтары адамға тән арнамыстан туындайды және еркін, толық дамуы мен қалыптасуы үшін өте маңызды; 2) мәдениет саласындағы адам құқығы әркімге: ерлерге, әйелдерге, балаларға, қарттарға, азшылық ұлттарға, байырғы халықтарға, мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға (мүгедектерге), жұмыс істейтін мигранттарға, қамаудағыларға толық көлемде кепілдік етіледі; 3) әркімнің қоғамның мәдени өміріне еркін қатысуына, сонымен қатар өзі авторы болып табылатын ғылыми, әдеби және көркем еңбектерінің нәтижелеріне моральдық және материалдық мүдделерін қорғау құқықтарына кепілдік береді [1; 2491].

Ғылыми мақаланың мақсаты — халықаралық-құқықтық өлшемдегі мәдени құқықтар институтын кешенді зерттеу, сондай-ақ заманауи қоғам мен мемлекеттің тұрақты дамуын негіздейтін қоғамның мәдениетін қалыптастырумен байланысты үрдістерді ғылыми тұрғыдан зерделеу.

Әдістер мен материалдар

Жүргізілген зерттеу нәтижелерінің объективтілігі қолданыстағы заңнамаға, мәдени құқық саласындағы тұжырымдамалық маңызды халықаралық құжаттарға талдау жасауға ықпал етті, жалпы және арнайы заң әдебиеттерін зерделеу ғылыми таным әдіснамасының талаптарына қайшы келмейтін және мемлекет пен құқық теориясында, конституциялық құқықта қолданылатын жеке-ғылыми әдістердің логикасына сәйкес келетін тұжырымдар мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді. Зерттеу материалдарын ғалымдардың заманауи еңбектері, сондай-ақ адамның мәдени құқықтарын реттейтін халықаралық-құқықтық актілері құрайды. Зерттеудің әдіснамалық негізін танымның жалпы және жеке ғылыми әдістері құрады.

Мақалада мәдениет саласындағы зерттеулер философиялық, мәдени және құқықтық ғылымдар туралы білімді жүйелеуге әрекет жасалды. Осылайша, ұсынылған ғылыми зерттеу мәселесін, қалыптасқан міндеттердің сипатын, оларды шешудің әдістері мен тәсілдерін, ғылыми негізделген ұсыныстар мен ережелердің мазмұнын анықтауда жаңа болып табылады. Мақалада қозғалған мәселелер адам мен азаматтың мәдени құқықтарын зерттеудің аспектілері бойынша арнайы зерттеулерде пікірталас түрінде дамиды деп үміттенеміз, сонымен қатар қолданыстағы заңнаманы жетілдіру бойынша біз тұжырымдаған ұсыныстарды тәжірибеде іске асыру перспективаларын жоққа шығармаймыз.

Нәтижелер

Халықаралық құжаттар мемлекеттердің адамға тән ар-намыстан туындайтын және оның еркін, толық дамуы үшін маңызды болып табылатын мәдени және басқа құқықтары мен бостандықтарының нәтижелі іске асырылуын дамыту және қолдау міндетін бекітеді. ЕҚЫҰ-на қатысушы мемлекеттер азаматтық, саяси, экономикалық-әлеуметтік және мәдени құқықтардың дамуына ықпал ету адам абыройы үшін және әрбір тұлғаның заңды талпыныстарына қол жеткізу үшін жоғары дәрежелі мәнге ие екенін мойындайды.

Мәдени құқықтар жарты ғасырдан астам уақыт бойы бірқатар халықаралық-құқықтық құжаттарда бекітілген болса да, соңғы жылдары ғана адамдық қадір-қасиеттің белгісі ретінде қолданысқа ене бастады. Оны БҰҰ деңгейіндегі болып жатқан оқиғалар және директивті органдар (ұлттық және әсіресе жергілікті деңгейлерде), академиялық топтар дәлелдейді [2; 168].

Адам мен азаматтың мәдени құқықтарының халықаралық стандарттарын бекіткен негіз қалаушы құжат БҰҰ Бас Ассамблеясының 1948 жылғы 10 желтоқсандағы 217А(III) қарарымен қабылданған «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» болып табылады [3]. Құжат халықаралық және мемлекетішілік заңнаманы одан әрі дамытудың бағытын айқындайтын мәдени құқықтарды қорғау саласындағы негізгі стандарттардың жиынтығы.

Мәдени құқықтарды анықтау мәселесі халықаралық ұйымдардың құқықтық актілері мен құжаттарында әртүрлі деңгейде айқындалады. БҰҰ-да адам құқықтары саласындағы алғашқы халықаралық актілер қабылданғаннан бері құқық санаттарының маңыздылығы, өзара байланысы мен бірін-бірі толықтырылуы жиі айтылады. Осылайша, 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында адам құқықтары мен бостандықтарының сол кезде танылған бүкіл кешені көрініс тапқан. Декларация «жетістіктің бірыңғай стандарттарын» жариялайды. Прогрессивті табиғаты айқын және адам құқықтарының тең мәртебесін бекітетін, сондай-ақ адамның экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтарының этикалық және құқықтық құндылығын мойындайтын бірінші халықаралық акт болды [4; 68]. Декларация Қазақстан Республикасындағы барлық құқықтардың сақталуын тексеруге мүмкіндік беретін адам құқықтарын қорғау жүйесін құрудың негізі болып табылады. Ол адамның қадір-қасиетін, қоғамның бірлігін, моральдық нормаларды бекітетін мінез-құлық стандарттарын қалыптастыруға бағытталған.

Декларацияның 27-бабының 1-тармағында мәдениетке қол жеткізу құқығына кепілдік берілген: әрбір адам мәдени өмірге еркін қатысуға, өнерді пайдалануға, ғылыми прогреске ат салысуға, оның игіліктерін пайдалануға құқылы, ал 2-тармақта шығармашылық және көркем қызмет бостандығының кепілдіктері көрсетілген: әрбір адам өзінің кез келген ғылыми, әдеби немесе көркем шығармаларынан туындаған рухани (моральдық) және материалдық мүдделерін қорғауға құқылы [3].

Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы қабылданғаннан кейін адам мен азаматтың мәдени құқықтары дүниежүзілік, өңірлік және ұлттық деңгейде жарияланды. Аталған декларацияның 26, 27-баптары мәдени құқықтар жігін белгіледі.

Жиырма жылға жуық созылған пактілермен жұмыс барысында идеологиялық, социалистік және либералдық даулар доктринасы талқыланды. Батыс Еуропа мемлекеттері экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарда адамның әмбебап құқықтарының сипаты бар, мемлекеттің оң іс-қимылға деген белгілі бір міндеттемелері болып табылады деген пікірді қабылдады. Ал, социалистік доктринада социалистік құқық, көбінесе, азаматтық және саяси құқықтарды маңызды деп санады. Нәтижесінде шешім қабылданып, осыған сәйкес екі пакт бекітілді. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні Нью-Йоркте 1966 жылы 16 желтоқсанда 2200 А (XXI) қараымен БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған болатын. Пактінің күшіне енуі үшін оны 35 мемлекет ішінде ратификациялау қажет болды. Нәтижесінде пактілер 1977 жылы 3 ақпанда күшіне енді. Қазақстан 2005 жылы (2006 жылғы 24 сәуірде күшіне енді) екі пактіні бекітті және содан бері олар ішкі құқық тәртібінің бір бөлігін құрайды.

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық Пакт атауында мәдени құқықтар айтылған жалғыз құжат. Осы Пактінің 15-бабында, мәдени құқықтар деп әрбір адамның мәдени өмірге қатысуға құқығы, сондай-ақ мәдениет игіліктеріне қол жеткізу құқығы мазмұндалады. 15-баптың 1-тармағы үш түрлі құқықты таниды: мәдени өмірге қатысу құқығы; игіліктерді пайдалану құқығы; өзі авторы болып табылатын әдеби немесе көркем шығармадан туындайтын құндылықтарды қорғау құқығы [5].

Әрбір адам өзінің ғылыми, әдеби немесе көркем шығармашылықтан туындайтын моральдық және материалдық мүдделерін қорғауға құқылы. Сондай-ақ, көркем шығармашылық еркіндігіне кепілдік берілді, мемлекеттерге мәдениетті қорғау, дамыту және тарату жөніндегі қызмет жүктелді. Ол үшін мемлекеттер қазіргі заманғы технологиялардың арқасында оңай қол жетімді туындыларды рұқсатсыз пайдаланудан қорғау, пайдаланушылардан шығармаларды пайдалану туралы ақпарат беруді және пайдаланғаны үшін барабар өтемақы төлеуді талап ететін тиісті құралдарды жинақтаған заңнамалық шаралар қабылдады. Ақыры, 15-бапты іске асыру үшін мемлекеттерге тиісті әкімшілік, бюджеттік, соттық, жарнамалық және басқа да шараларды қабылдау міндеттемесі қойылды.

Аталған Пактінің 15-бабының 3-тармағына сәйкес, мемлекеттік тарап ғылыми-зерттеу және шығармашылық қызметті жүргізу үшін қажетті бостандықты құрметтеуге міндеттенеді. Осылайша, мемлекеттер әзірлеушілерге шығармашылық немесе ғылыми қызметті еркін шешу, бастау немесе тоқтату мүмкіндігіне қол жеткізуге кепілдік береді. Пакт шығармашылықтың еркіндігін қамтамасыз ете отырып, белгілі бір іс-әрекеттерді тоқтату үшін мемлекетке жауапкершілік жүктейді. Мемлекет мәдениетті дамыту және тарату үшін осы міндеттер шеңберінде өздері шығармашылық қызмет атқарғысы келетін адамдарға күш қолдана алмайды немесе мәжбүрлемейді.

15-баптың 4-тармағында қатысушы-мемлекеттер мәдениет саласындағы ынтымақтастықты дамытуға жанама бейілділік танытса да, Пактінің мәтінінде мынадай тұжырым қолданылды: қатысушы-мемлекеттер мәдениет саласындағы халықаралық байланыстарды қолдаудан туындайтын артықшылықтарын мойындайды. Әрбір мемлекет өзінің географиялық жағдайына, өркениеттік дамуына және мүмкіндіктеріне қарай басқа мемлекеттермен байланыс орнатуы тиіс. Бұл ұсыныс мемлекеттік билік органдары үшін мәдени құқықтар кепілдігінің қандай жағдайларда толыққанды жүзеге асырылатынын көрсетеді. Аталған ереже мәдени құқықты қалыптастырады, осылайша мәдениетке қолжетімділікті күшейту арқылы мәдениет саласындағы халықаралық ынтымақтастық дамытылады.

Бұл жағдайда мемлекет өркениеттік даму арнасына және әлемдік қоғамдастықтың экономикалық, саяси және мәдени байланыстары жүйесіне кіреді. Мәдени құқықтар мемлекеттің әл-ауқат тұжырымдамасымен тікелей байланысты деп айтуға болады, сондықтан олардың көпшілігін тек қоғам мен мемлекет қамтамасыз ете алады және қорғайды [6; 1593].

Талқылаулар

XX ғасырдың 60-шы жылдары БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі кеңесі адам құқықтарын қорғау жөніндегі ұлттық органдарды құруды ұсынған болатын. Әсіресе, БҰҰ Пактілері мен оларға факультативтік хаттамамен белгіленген адам құқықтарын қорғаудың халықаралық рәсімдеріне қатыспайтын мемлекеттер үшін адам құқықтарын ресми қорғау қағидасын конституциялық белгілеу және оны ұлттық заңнамаға жүргізу аса мұқтаж екенін өткір қозғауға болады.

Әдетте, мемлекеттер адамның екінші буын құқықтарының прогрессивті сипатының жаппай сақталуын дереу қамтамасыз ету үшін емес, оларды біртіндеп жүзеге асыруға міндеттенеді. БҰҰ форумында бірнеше жылдан кейінгі жұмыстардан соң экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пактіге факультативтік хаттама қабылданды. Хаттамамен алғашқы жұмыс 1990 жылы басталып, құжаттың мақсаты нақтыланды.

Адамның мәдени құқықтарының заңдық сипатын растайтын көптеген халықаралық-құқықтық актілер қабылданды. Мысалы, 1993 жылы 25 маусымда қабылданған БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі Дүниежүзілік конференциясындағы Вена декларациясы мен Іс-қимыл бағдарламасын айтуға болады. Құжатта адам құқықтарын жалпыға бірдей құрметтеуді көтермелеу, барлық адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын сақтау мен қорғау жөніндегі өз міндеттемелерін орындау қажеттілігі атап өтілді. Әсіресе, мәдени құқықтар мен бостандықтардың әмбебаптығы сөзсіз екені баяндалды [7]. Бұл мәлімдеме өте маңызды, өйткені халықтың немесе этникалық топтың мәдени, тарихи және діни жағдайлары мәдени құқықтарды іске асыруға айтарлықтай әсер етеді. Айта кету керек, Қазақстан Республикасы адамның мәдени құқықтарын көтермелеу мен қорғауды жетілдіретін ұлттық іс-қимыл жоспарын әзірлеу мен олардың орындалуы туралы мәселені қозғауда осы құқықтық құжатты имплементациялау зор мүмкіндік берер еді.

Венадағы Дүниежүзілік конференцияда экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пактісіне Факультативтік хаттамамен жұмысты келісу туралы шешім қабылданды. Хаттаманың бірінші жобасын экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитет 1997 жылы ұсынды және оның түпкілікті нұсқасын әзірлеуге арналған жұмыс тобы құрылған. Ол жұмыс 2002 жылға дейін жалғастырылып, құжат нысанымен келіссөздер 2006–2008 жылдар аралығында жалғасты. 2008 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы 66 сессияда A/RES/63/117 қарарында құжатты қабылдады [8].

Хаттама адамның мәдени құқықтарын қорғау саласындағы өте маңызды қадам болып табылады, өйткені ол пактіге кіретін жекелеген мемлекеттерде адам құқықтары кепілдігінің сақталуын бақылауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жеке шағым механизмі енгізілді, онда мәдени құқықтарды бұзу фактісі бойынша мәселелердің реттеу құзыреттілігі мойындалады.

БҰҰ Бас Ассамблеясының Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пактісінің факультативтік хаттамасының 4-бабына сәйкес, Комитет автордың құқықтарына айқын қысым жасауды қуәлендірмейтін хабарламаларды құпия түрде қараудан бас тарта алады [8].

Хабар алғаннан кейін Комитет тиісті қатысушы-мемлекетке мемлекеттің ықтимал бұзушылық құрбандарына немесе қалпына келтірілмейтін залал келтіру мүмкіндігін болдырмау мақсатында кез келген сәтте және мәні бойынша шешім қабылданғанға дейін уақытша қорғау шараларын қабылдауы туралы өтінішті дереу қарауға жүгіне алады.

Адам құқықтарының сақталуын бақылау жөніндегі органдар мәдени құқықтарды нығайту мен бекітуде маңызды рөл атқарады, олар адам құқықтары жүйесінде өзінің заңды орнын алады. Нәтижесінде мәдени құқықтар саласындағы Адам құқықтары мониторингінің халықаралық жүйесі құрылды. Содан бері үкіметтердің, ҰЕҰ-дың осы тетіктерді белсенді түрде қолдануын БҰҰ бақылауда ұстауда. Үкіметтерге тиісті тетіктердің салыстырмалы жаңалығына қатысты мүмкін болатын ұстамдылықты еңсеруге және мәдени құқықтар саласындағы мемлекеттік шараларды әзірлеу, жетілдіру және қолдау үшін конструктивті шешімдерді пайдалануға тура келеді. Адам құқықтарының жүзеге асыруын қадағалау жөніндегі мониторингтің халықаралық тетіктері адам құқықтары жөніндегі халықаралық шарттарды түсіндіруге және адам құқықтары саласындағы нормаларды прогрессивті дамытуға елеулі үлес қосады. Адам құқықтары жөніндегі шарттық органдар адамның мәдени құқықтарының нормативтік мазмұнын түсіндіру жағдайында ерекше құнды. Адам құқықтары жөніндегі барлық дерлік халықаралық шарттардың мәдени құқықтарға қатысы бар. Алайда, жаһандық құқықтық құжаттар мәдени құқықтарды толық танудан тартынса, өңірлік құжаттар мұны анық және батыл жасайды.

Адам құқықтары саласындағы мониторинг БҰҰ жүйесінің адам құқықтарын дамыту саласындағы қызметке гуманитарлық және бейбіт келісімдерді интеграциялау жөніндегі күш-жігерін жандандыру аясында қараған жөн, бұл өз кезегінде мониторингті біршама жеңілдетеді. Ол жан-жақты жедел құрылым шеңберінде жүзеге асырылуы мүмкін. Ақырында UNDRIP (Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрғылықты халық құқықтары туралы декларациясы) шеңберінде Адам құқықтары саласындағы мониторингтің жаңа түрі пайда болды. Декларацияның 42 бабында: Біріккен Ұлттар Ұйымы, оның органдары тұрғылықты халықтар мәселелері жөніндегі тұрақты форумды және мамандандырылған мекемелерді құрайды, сондай-ақ мемлекеттер осы Декларацияның ережелерін сақтауға және толық қол-

дануға жәрдемдеседі, тиімділігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдайды деп айтылады [9]. Адам құқықтары мониторингінің көмегімен қосымша немесе неғұрлым икемді әдістерді пайдалану халықаралық құқық қорғау жүйесінің үрдісін көрсетеді.

2009 жылғы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі Комитет қабылдаған № 21 Жалпыға ортақ түсініктемесінде атап өткендей, қол жеткізу әрбір адамның жеке құқығы, басқалармен бірге немесе қауымдастық ішінде өздерінің білім мен ақпарат арқылы басқа адамдардың мәдениетін қалыптастырады, сондай-ақ мәдени сәйкестікті ескере отырып, сапалы білім алуды және оқытуды жүзеге асырады. Әр адам ақпараттың немесе коммуникациялардың кез келген техникалық құралдарын пайдалана отырып, жердің, судың, биоалуантүрліктің, тілдің немесе нақты мекемелердің мәдени құндылықтары мен ресурстарын пайдалануды қамтитын өмір салтын ұстанады және мәдени мұраны пайдаланады. Әркімнің өз пікірін білдіруге және таратуға, басқа тұлғалар мен қоғамдастықтың шығармашылық нысанымен танысуға құқығы бар (15-баптың b-тармағы) [10].

Комитеттің түсініктемесінде мәдени өмірге қатысу құқығы еркіндік ретінде сипатталуы мүмкін деп айтылған (6-бап). Комитет, мемлекеттердің мәдени тәжірибелерді жүзеге асыруға араласудан және мәдениетке қол жеткізуден, сондай-ақ мәдени өмірге қатысу жағдайлары мен мәдени құндылықтарға қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі белсенді іс-қимылдардан бас тартуын талап етпейтінін атап өтті.

Мәдени құқық және мәдени өмірге қатысу құқығы терминінің мән-мағынасы Пактіде де, жалпы халықаралық құқық шеңберінде де толық айқындалмайды, тек белсенді қатысу ретінде түсіндіріледі. Әйтсе де, адам құқықтары аясында мәдени құқықтарға бірқатар сілтемелер табуға болады. Осы себепті, әрбір адамға өзінің адамгершілігін сақтау және қалыптастыру мүмкіндігіне кепілдік беретін мәдени құқықтардың болуы маңызды. Бұл құқық қандай да бір кемсітусіз мәдени тәжірибелердің қоғамдағы қажеттілігін алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мәдени құқықтар ешқашан жабық санат ретінде аталмаған және әртүрлі құқықтық актілерде әрбір жеке тұлғаға тиесілі мәдениетке қол жеткізуі, мәдени өмірге қатысудың прогрессивті сипаты және оның ұлттық мұраны қорғаумен байланысы атап өтіледі. Ең алдымен мәдени құқықтар кепілдігін шығармашылық еркін білдіру бостандығын реттейтін нормативтік актілерден табуға болады.

«Мәдени әртүрлілік туралы жалпыға бірдей декларацияның» кіріспесінен (Париж, 2001 жылғы 2 қараша) мәдени құқықтардың тізбесін анықтауға болады. Аталған Декларацияда мәдени санатқа тікелей қатысы бар құқықтар тізілген. Осы Декларацияның 5-бабына сәйкес: мәдени құқықтар әмбебап, бөлінбейтін және өзара тәуелді болып келетін адам құқықтарының ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. Мәдени құқықтар шығармашылық әртүрлілікті толық көлемде жүзеге асыру мен дамыту үшін қажетті шарт болып табылады. Әсіресе, әрбір адамның өз қалауы бойынша туындыларын кез келген тілде немесе ана тілінде білдіруі, шығармашылық мүмкіндігіне ие болуы тиіс; әрбір адамның өзінің мәдени ерекшелігін толық құрметтеу жағдайында сапалы білім алуға және кәсіптік даярлыққа құқығы бар; әрбір адам өз таңдауы бойынша мәдени өмірге қатысуға және адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын сақтай отырып, өзінің мәдени дәстүрлерін ұстануға мүмкіндігі болуы тиіс [11]. Демек, мәдени әртүрліліктің кепілі ретінде пікір білдіру еркіндігі, ақпарат құралдарының плюрализмі, көптілділік, көркем шығармашылыққа мүмкіндіктер, ғылыми-техникалық білімге, мәдени идеялардың таралуын білдіру, мәдениетке қол жеткізу болып табылады.

Халықаралық конвенциялар мен қарарлар саясат пен практиканың қозғаушы күші. Азаматтық қоғамның ақпараттық-насихаттық қызметіне жауап ретінде әзірленген осы саладағы оқиғаларды дамытудың негізгі факторларының бірі халықаралық конвенцияларды, қарарлар мен жарғыларды (мысалы, Еуропа кеңесі, Біріккен Ұлттар Ұйымы немесе ЮНЕСКО әзірлеген) ратификациялау болып табылады. Адам құқықтары туралы Еуропалық Конвенциядан басқа, Еуропа Кеңесіне мүше мемлекеттер «Еуропалық әлеуметтік Хартияны», «Аз ұлттарды қорғау жөніндегі Еуропа Кеңесінің негіздемелік конвенциясын», «Өңірлік тілдердің немесе азшылықтар тілдерінің Еуропа хартиясын» және «Мәдени мұра құндылығы туралы негіздемелік (Рамалық) конвенцияны» (Фару Конвенциясы) қоса алғанда, мәдени құқықтармен байланысты халықаралық құжаттар әлемнің түрлі өңірлерінде қабылданды. Сондай-ақ, Қазақстан мен әлем қауымдастығы мемлекеттері арасындағы мәдени ынтымақтастық жасаудың нәтижесі болып табылатын әртүрлі халықаралық конвенциялар мен келісімдерді ратификациялау іске асырылуда.

Қорытынды

Мақалада жүргізілген зерттеулер бойынша келесідей қорытындылар жасалды:

1. Мәдени құқықтар адамның даму деңгейімен айқындалатын, нақты-тарихи жағдайларда өмір сүрудің тиісті деңгейінде белгіленген, халықаралық және ұлттық стандарттар мен рәсімдерге сәйкес, мемлекеттің озбырлығынан қорғауға қажетті тең мүмкіндіктерді білдіреді. БҰҰ-ның, ЮНЕСКО-ның, Еуропа Кеңесінің (ЕК) және ЕО-ның тиісті халықаралық-құқықтық актілері, сондай-ақ мәдени құқық қағидаларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ұлттық және жергілікті мәдени саясаттың стратегиялары арасында өзара үйлесімділік орнаған. Мәдени құқықтарды қорғау және оларды толық жүзеге асыру үшін қажетті құқықтық құралдарды елдің мәдени саясатын әзірлеу барысында қолдану қажет. Сондықтан, мемлекеттік органдар қоғамның тұрақты дамуына ықпал ететін құқықтық құралдар мен саясатты нығайтуда халықаралық стандарттарға сүйенуі шарт.

2. Халықаралық құқықтық құжаттар мәдени құқықты жоғары бағалайды және ұлттық мәдени ерекшеліктерді сақтауды басым міндеттердің бірі деп санайды. Мәдени құқықтың қазіргі заманғы векторы бірігу мен интеграциялық жағдайларды дамытуды талап етеді.

3. Халықаралық актілер бүкіләлемдік мәдени мұраларды сақтау тәртібін бекітеді. Әлем халықтарының тілдерін, тарихын және мәдениетін қолдау арқылы мәдени әртүрлілікті жақтайды. Мемлекеттерді мәдени құндылықтарды сақтауға, әлем мәдениетін және өркениеттер арасындағы диалогты қолдау бойынша тығыз байланысқа шақырады.

4. Қазақстан Республикасы адамның мәдениет саласындағы құқықтарын жүзеге асырудың әмбебап халықаралық қағидалары мен нормаларын тану арқылы имплементациялауды іске асыруы керек. Әсіресе, «Мәдени әртүрлілік туралы жалпыға бірдей декларацияға» (Париж, 2 қараша 2001 жылы) назар аудару ұсынылады. Себебі, аталған декларацияда мәдени құқықтардың неғұрлым толық жіктелуі мен орындау міндеттілігі егжей-тегжейлі көрсетілген. Халықаралық деңгейде жарияланған актілер мәдени құндылықтарды қорғау, өз мәдениеті мен ана тілін пайдалану құқығы, халықтардың тілдерін сақтау мен дамытудың елеулі құқықтық негізін қалайды. Әрбір мемлекет ұстануға тиіс өркениеттіліктің көрсеткіштері ұлттық заңнамада бекітілсе, мемлекеттің ішкі саясатының бірлігі үйлесімді болады деп есептейміз. Сондықтан да, Қазақстан Республикасы адамның мәдени құқықтарын іске асыру кепілдіктері саласында халықаралық құқықтық стандарттарды имплементациялау жолында тұр деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Пронин А.А. К вопросу о защите культурных прав человека нормами международного права / А.А. Пронин // Науч.-метод. электрон. журн. «Концепт». — 2015. — Т. 13. — С. 2491–2495.
- 2 Portolés J.B. Cultural rights and their contribution to sustainable development: implications for cultural policy / J.B. Portolés, M.D. Šešić // International Journal of Cultural Policy. — 2017. — Vol. 23, Issue 2. — P. 159–173.
- 3 Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы 1948 жылғы 10 желтоқсан № 217А(III) [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001>
- 4 Организация Объединенных Наций и защита прав человека: моногр. / под ред. А.Х. Абашидзе. — М.: РУДН, 2009. — 240 с.
- 5 Қазақстан Республикасының Заңы. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы 2005 жылғы 21 қарашадағы №87 Заңы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0500000087_
- 6 Birmanova A.I. Cultural Human Rights and the Problems of their Implementation in the Modern World [Electronic resource] / G. Kozhakhmetov, M.Sh. Kakimova // Journal of Advanced Research in Law and Economics. — 2018. — Vol. 9, Issue 5. — P. 1591–1603. — Access mode: DOI: 10.14505/jarle.v9.5(35).10. <http://journals.aserspublishing.eu/jarle/index>
- 7 Венская декларация и Программа действий. Утв. на Всемирной конференции по правам человека от 25 июня 1993 г. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/viendec93.shtml
- 8 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге Факультативтік хаттамаға қол қою туралы 2010 жылғы 23 қыркүйегіндегі № 1068 Жарлығы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U100001068>
- 9 Ұлттар Ұйымының тұрғылықты халық құқықтары туралы декларациясы 2007 жылғы 13 қыркүйек № 61/295 [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O0700000003>
- 10 Замечание общего порядка № 21. Право каждого человека на участие в культурной жизни (пункт 1а) ст. 15 Международного пакта об экономических, социальных и культурных правах. E/C.12/GC/21 [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://hrlibrary.unm.edu/russian/gencomm/Rescgencom21.html>
- 11 ЮНЕСКО. О культурном разнообразии: Всеобщая Декларация. Утв. 2 ноября 2001 г. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://www.unesco.org/new/fileadmin/MULTIMEDIA/HQ/CLT/diversity/pdf/declaration_cultural_diversity

А.И. Бирманова

Международно-правовые стандарты, обеспечивающие культурные права человека и гражданина

В статье исследованы международно-правовые стандарты по обеспечению и защите культурных прав человека и гражданина, на реализацию которых должна быть сориентирована деятельность государств. Проанализирована группа международно-правовых источников, которые декларируют культурные права человека как высшую ценность общества и составляют нормативную основу феномена. Отмечена важность эффективной внутригосударственной реализации норм международного права в сфере защиты прав и свобод человека. Уделено внимание проблемам соответствия международных стандартов защиты культурных прав человека и гражданина. Обозначены пути повышения эффективности внутригосударственной имплементации универсально признанных правозащитных стандартов. Рассмотрена трактовка культурных прав в различных международно-правовых актах и в замечаниях общего порядка, принятых Комитетом по экономическим, социальным и культурным правам. Особое внимание уделено изучению основного международно-правового акта — «Международного пакта об экономических, социальных и культурных правах». В исследовании установлено, что на современном этапе накоплен значительный международный опыт защиты культурных прав человека. Автор подробно рассмотрел некоторые проблемные вопросы, имеющиеся в области национального и международного регулирования культурных прав и свобод, проанализировав возможности их устранения, правового совершенствования, и предложил соответствующие рекомендации.

Ключевые слова: международно-правовые стандарты, права человека, культурные права человека, декларация, конвенция, нормы-принципы, государство, имплементация.

A.I. Birmanova

International and legal standards that ensure the cultural rights of a man and a citizen

The article examines the international and legal standards for ensuring and protecting the cultural rights of a man and a citizen, the implementation of which should be focused on the activities of states. The article analyzes a group of international and legal sources that declare cultural human rights of a man as the highest value of society and form the normative basis of the phenomenon. The importance of effective domestic implementation of the norms of international law in the field of protection of human rights and freedom of a man is noted. The article also pays attention to the problems of compliance with international standards for the protection of cultural human and civil rights. The ways of increasing the effectiveness of the domestic implementation of universally recognized human rights standards are outlined. The interpretation of cultural rights in various international and legal instruments and in the general comments adopted by the Committee on Economic, Social and Cultural Rights is considered. Special attention is paid to the study of the main international and legal act — the «International Covenant on Economic, Social and Cultural Rights». The study found that significant international experience in the protection of cultural human rights has been accumulated at the present stage. The author examines in detail some problematic issues existing in the field of national and international regulation of cultural rights and freedom, analyzing the possibilities of their elimination, legal improvement and gives appropriate recommendations.

Keywords: international and legal standards, human rights, cultural human rights, declaration, convention, norms-principles, state, implementation.

References

- 1 Pronin, A.A. (2015). K voprosu o zashchite kulturnykh prav cheloveka normami mezhdunarodnogo prava [On the issue of the protection of cultural human rights by the norms of international law]. *Nauchno-metodicheskii elektronnyi zhurnal «Kontsept» — Scientific and methodological electronic journal Concept*, 13, 2491–2495 [in Russian].
- 2 Portolés J.B. & Šešić M.D. (2017). Cultural rights and their contribution to sustainable development: implications for cultural policy. *International Journal of Cultural Policy*, Vol. 23, 2, 159–173 [in English].
- 3 Adam quqyqtarynyn zhalpyga birdei deklaratsiiasy 1948 zhylygy 10 zheltoqsan № 217A(III) [Universal Declaration of human rights of December 10, 1948 No. 217a(III)]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O480000001> [in Kazakh].
- 4 Abashidze, A. Kh. (2009). Organizatsiia Obedinennykh Natsii i zashchita prav cheloveka [The United Nations and the protection of human rights]. Moscow: RUDN [in Russian].
- 5 Qazaqstan Respublikasynyn Zany. Yekonomikalyq, aleumettik zhane madeni quqyqtar turaly khalyqaralyq paktini ratifikatsiialau turaly 2005 zhylygy 21 qarashadagy N 87 Zany [The Law of the Republic of Kazakhstan. «On ratification of the

International Covenant on Economic, Social and Cultural Rights» of November 21, 2005 No. 87 Law]. adilet.zan.kz. Retrieved from https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000087_ [in Kazakh].

6 Birmanova, A.I., Kozhakhmetov, G., & Kakimova M.Sh. (2018). Cultural Human Rights and the Problems of their Implementation in the Modern World. *Journal of Advanced Research in Law and Economics*, Vol. 9, 5, 1591–1603. Retrieved from: <http://journals.aserspublishing.eu/jarle/index>.

7 Venskaia deklaratsiia i Programma deistvii: Utverzhdena na Vsemirnoi konferentsii po pravam cheloveka ot 25 iunia 1993 goda [Vienna Declaration and Programme of Action: approved at the World Conference on Human Rights on June 25, 1993]. Retrieved from http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/viendec93.shtml [in Russian].

8 Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin Zharlygy. Yekonomikalyq, aleumettik zhane madeni quqyqtar turaly khalyqaralyq paktige Fakultativtik khattamaga qol qoiu turaly 2010 zhylygy 23 qyrkuiegindegi № 1068 Zharlygy [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan. On signing the Optional Protocol to the International Covenant on Economic, Social and Cultural Rights Decree of September 23, 2010 No. 1068]. adilet.zan.kz. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U100001068> [in Kazakh].

9 Ulttar Uiyminyn turgylyqty khalyq quqyqtary turaly deklaratsiiasy 2007 zhylygy 13 qyrkuiek N 61/295 [Declaration of nations on the rights of Indigenous Peoples 13 September 2007 No. 61/295]. adilet.zan.kz. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O0700000003> [in Kazakh].

10 Zamechanie obshego poriadka № 21. Pravo kazhdogo cheloveka na uchastie v kulturnoi zhizni (punkt 1a) stati 15 Mezhdunarodnogo pakta ob ekonomicheskikh, sotsialnykh i kulturnykh pravakh. E/S.12/GC/21 [General comment No. 21, The right of everyone to participate in cultural life (article 15, paragraph 1a) of the International Covenant on Economic, Social and Cultural Rights, E/C.12/GC/21]. hrlibrary.umn.edu Retrieved from <http://hrlibrary.umn.edu/russian/gencomm/Rescgencom21.html> [in Russian].

11 YuNESKO. O kulturnom raznoobrazii: Vseobschaia Deklaratsiia: Utverzhdena 2 noiabria 2001 goda [UNESCO. On cultural diversity: Universal Declaration: approved on November 2, 2001]. unesco.org Retrieved from http://www.unesco.org/new/fileadmin/MULTIMEDIA/HQ/CLT/diversity/pdf/declaration_cultural_diversity